

КЕЙІНГІ РУЛЫҚ ҚАУЫМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР






Қоғамның экономикалық негізін бұрынғысынша жерге рулық меншік құрады. Егістік жер мен бау-бақша, аңшылық, балықшылық жә не жинап-теретін жерлер, бір жағдайларда тура руға тиісті болды, екіншісінде, тайпаға тиісті деп саналды, бірақ бұған кіретін жеке руларға бекітіліп берілді. Өндірістің басқа құрал-жабдықтары ұжымның да, жеке меншіктің де иелігінде болды, алайда соңғы жағдайда оның иесі өлгеннен кейін, иелік рудың ішінде қалуға тиіс болды. Меншіктік қатынастар мен бұл руларға негізделген қоғамдық қатынастар, негізінен алғанда өндірістік ұжымды нығайта түскен табиғи қандас-туыстық байланыстармен сай келе берді



Өндіргіш күштердің өрлеуі мен тіршілік ету жағдайларының жақсаруы халықтың өсуіне жағдай жасады. Бұл өз кезегінде аң аулаудың неғұрлым жетілдірілген құралдары мен мекен жайларға жақын территорияларда жабайы жануарларды атып құртуға немесе оларды азайтуға әкеп соқты.

Қоныс аудару



Мәдениет

Кейінгі палеолитте мәдениет дамуының біраз өзара айырмашылығы бар бірнеше аймақ болды. Әсіресе, айқын байқалатын үш аймақ

1. Мұздық кезіндегі Еуропа

2. Сібір-Қытай

3. Африка Жерорта теңіз аймақтары



Мұздық кезіндегі Европа аймағы Мұз басудың тікелей ықпалына ұшыраған Европа территориясын қамтыды. Мұнда адамдар қатаң климат жағдайларында тұрды, мамонттар мен солтүстік бұғыларын аулады, сүйектер мен жануарлардың терілерінен қыс мекенін тұрғызды.



Африкадан басқа Африка Жерорта теңіз аймағы Испания,Италия, Балқан түбегі,Қырым,Кавказ,Таяу Шығыс елдерінің территориясын қамтыды.Мұнда адамдар жылылық сүйетін флора мен фауна арасында өмір сүрді,киіктерге,ірі жыртқыштарға аңшылық етті.Мұнда Солтүстікке қарағанда өсімдік тағамдарын жеуге жарамайтын моллюскаларды жинап теру көбірек дамыды.Және бұл аймақта сірә Солтүстікке қарағанда бұрын таралған,садақ пен жебе пайда болды.

- Аталған үш аймақтың кейінгі палеолиттік мәдениетінен айырмашылығы әлі де болса шамалы еді және бұл аймақтардың өздері нақтылы шекарамен бөлінбеген болатын.
- Осы аймақтардың өзінің жекелеген мәдениеттері болды. Мәселен ішкі Африканың палеолиттік тұрғындарының мәдениеті Солтүстік Африканың даму жолдарынан өзгешерек дамыды.



Оңтүстік шығыс Азияның палеолиті нашар зерттелгеніне қарамастан қарамастан қазірдің өзінде-ақ, оны үлкен төртінші аймаққа бөліп қарауға негіз бар. Бұл жерде халықтың басты қаракеті, Солтүстіктің аңшылары пайдаланған өзгеше қаруларды талап етпейтін, жинап терушілік боды. Қыдырма аңшылар мен жинап терушілер тұрақты елді мекенжай жасамады, уақытша тұрақтарды ғана қанағат етті.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА



РАХМЕТ